

**«Шұғыла» бөбекжай- балабақшасы коммуналдық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорын мекемесі бойынша  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізген жұмыс  
тобының талдамалық анықтамасы**

14.12.2022 жыл

**I. Кіріспе.**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істер және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттілігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерне ішкі талдау жүргізу қағидаларына» сәйкес «Шұғыла» бөбекжай – балабақшасы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі.

- 1) Балабақша қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Балабақшаның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2022 жылдың 01 желтоқсанында №115-1 бұйрыққа сәйкес сыбайлас – жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдау жүргізілетін жұмыс тобының құрамы төмендегідей болып құрылды:

1. Бектұрғанова Қымбат Сейлханқызы – «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі, жұмыс тобының жетекшісі.

2. Тоқсанбаева Жарқын Кенжетайқызы – «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының әдіскері, жұмыс тобының хатшысы.

3. Утеулиев Сұлтанбек Берікұлы – «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының есепшісі.

4. Жартина Айгерим Ануарбековна – «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының шаруашылық меңгерушісінің у.м.а.

5. Жұбашева Маруся Есенайқызы – «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының кәсіподақ ұйымының төрайымы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі: 01.12.2022 - 13.12.2022 ж

**Кәсіпорын қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерінде  
сыбайлас жемқорлыққа тәуекелдерін анықтау:**

Балабақша өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін, Мемлекеттік сатып алу туралы заңын, балабақша жарғысымен лауазымдық міндеттерін, Қазақстан республикасының заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

Балабақша I жастан бастап 5 жасқа дейінгі тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту мен дамыту, медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын орындауды қамтамасыз етеді.

Балабақшада 35 қызметкер жұмыс жасайды.

Балабақшаның жобалық қуаты: 100 Топтар саны: 4.

Әрбір топ жеке жатын, оқу- ойын, әжетхана бөлмелерінен тұрады. Барлық топтар жиһаздармен, балалардың жас ерекшелігіне қарай көрнекі құралдармен, дамытушы заттық ортамен жабдықталған. Оқыту-тәрбиелеу тілі: Мемлекеттік тілде жұмыс жасайды. Кадрлар құрамы: 15 педагог. Жоғары білімді-11, арнаулы орта-4. Санаттары: III-санатты басшы-1, педагог-сарапшы-1, бірінші санат- 1 педагог, екінші санат -7 педагог, 5-санатсыз маман жұмыс жасайды.

### **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:**

Балабақшадағы сыбайлас жемқорлықтың туындау себептері мен жағдайын сипаттайтын сандық және сапалық көрсеткіштерді зерделей отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижесі туралы ақпаратты ұсыну.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізілді:

«Ақтөбе облысы Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы МКҚК.

Мекен жай мәліметтері: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы.

Бармақ батыр көшесі- 79. Эл.поштасы. [sadik2012kz@mail.ru](mailto:sadik2012kz@mail.ru)

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі:

Бақыланатын кезең: 1 желтоқсан 2022 жыл-13 желтоқсан 2022 жыл аралығы.

### **II. Ақпараттық-талдамалық бөлім**

«Шұғыла» бөбекжай балабақшасы бойынша Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы басшылыққа алынып, іске асыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын сапалы ұйымдастыру мақсатында балабақша меңгерушісінің бекітілуімен 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспар қызметкерлерге таныстырылып сәйкесті жоспарлау жұмыстары жүзеге асырылды.

2022 жылдың он екі айы бойынша балабақшада қабылданған құқықтық акті саны: Жеке құрам бойынша 115 бұйрық, ал негізгі 21 бұйрық бекітілген. Құқықтық актілердің дұрыс жасақталуы үнемі бақылануда. Түрлі тексерістер кезінде қатаң есептегі құжаттар тобына балабақшаның бұйрықтар кітабының жүргізілуі бақыланып отыр.

Мүдделер қақтығысы жоқ. Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. Бос лауазымдарға аудандық жұмыспен қамту орталығының жолдамасы негізінде қабылданады.

Балабақшада Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексінің (Мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік этика ережелері) талаптарын қатаң сақталуы үнемі бақыланып, осы талаптарды қатаң сақтау сезімін тәрбиелеу үшін қызметкерлер арасында жауапкершіліктері үнемі таныстырылып, мемлекет қызмет имиджіне кері әсер ететін әрекеттерден сақтандыру түсінік жұмыстары тұрақты жүргізіліп тұрады.

Балабақша қызметкерлерінің тарапынан әдеп нормаларын бұзу фактісі болған жоқ. Мемлекеттік қызметшілерге 2022 жылдың 12 айында балабақшадан тәртіптік жаза берілген жоқ. Сәйкесті мерзімінен бұрын алынып тастау да болған жоқ. Мемлекеттік сатып алулар туралы заңнамаларының нормалары мүлтіксіз сақталуда. Мемлекеттік сатып алулар 2022 жылы конкурстық сатып алу тәсілімен жүргізілді.

Байғанин аудандық білім бөлімінің веб-сайтына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша екі тілдегі ақпараттар орналастырылуға уақытылы жолданып отыр.

### **III. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау мына бағытта бойынша жүзеге асты:**

- 1) Балабақша қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Балабақшаның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мектепке дейінгі ұйымда ақша жинауды болдырмау, балабақшамен қоштасу, мерекелерде, мұғалімдерге сыйлыққа ата-аналардан ақша жинамау шаралары үнемі қатаң қадағалануда. Балабақшада «Құрметті ата-аналар ақша жинауға тиым салынады» деген сөздер стендке ілінді. «Балабақша қызметкерлерінің жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- бүгінгі күннің талабы», «Біз жемқорлыққа қарсымыз» және т.с.с. тақырыптарымен қызметшілер арасында насихаттау және түсіндіру мақсатындағы кезекті даярланған жадынама үлгілері таратылды. Жадынамаларды көрнекі жерге орналастыру тапсырмалары орындалып балабақша дәлізіне «Сыбайлас жемқорлықпен қарсы-басты міндет» тақырыбындағы стендке ілінді.

Қазақстан Республикасы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің тапсырмасына сәйкес «Адалдық сағаты» негізінде «Адал дос» тақырыбында ересек топ тәрбиеленушілері арасында ұйымдастырылған іс-әрекет өткізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының түсіндірілуі, насихаттау жұмысының барысы балабақша әкімшілігі жиналысында мәселе ретінде талқыланып қаралады. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерге жол бермеу мақсатында педагог қызметкерлер мен ата-аналардың құқықтық сауаттылығын арттыру жолға қойылған.



Балабақшада сыбайлас жемқорлық құқық бұқушылық жасауға мүмкіндік туғызатын ықпал ететін тәуекелдер анықталмады.

### **IV.Қортынды.**

«Ақтөбе облысы Байғанин аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қортындысы бойынша ұсынылды.

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарына сай құқықтық жаппай оқыту жүргізуді жетілдіре жалғастыру;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйесін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру.

1. Жұмыс тобының жетекшісі:  Қ.С. Бектұрғанова  
2. Мүшелері:  Токсанбаева Ж  
 С.Б. Утеулиев  
 А.А. Жартина  
 М. Жұбашева